ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР
ТЕСТИРОВАНИЯ»

010011, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 60
тел.: 8 (7172) 69-51-00, 69-52-67
e-mail: info@testcenter.kz

010011, город Астана, проспект Победы, 60
тел.: 8 (7172) 69-51-00, 69-52-67
e-mail: info@testcenter.kz

13.02.2019ж № 15-10-7/1-268

Облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары
Республикалық білім беру ұйымдары

Ағымдағы жылы 11(12)-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (2018 жылғы 25 қыркүйектегі №494 бұйрықпен өзгерістер енгізілген) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына» (бұдан әрі – Қағида) сәйкес өткізіледі.

Осыған орай, қорытынды аттестаттауды жүргізу мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) Мектептің жауапты тұлғасы мектеп және 11(12)-сынып оқушылары бойынша мәліметтерді (оқыту бағыты және тілі, бітіруші саны, таңдау пәндері) Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – Орталық) әзірлеген Web-қосымшаға ***2019 жылғы 18 ақпан - 1 наурыз аралығында*** енгізеді. Web-қосымшаға сілтеме және пароль, бағдарламамен жұмыс істеу нұсқаулығы Орталық филиалдары арқылы жіберіледі. Web-қосымша арқылы жұмысты интернетке қосылу мүмкіндігі бар кез келген жерде жүргізуге болады;

2) Деректер базасы жабылған соң толтырылған мәліметтер Web-қосымшадан шығатын нысан бойынша мектеп директорымен расталады және сканерленіп, Web-қосымшаға жүктеледі. Құжаттың түпнұсқасы Орталық филиалына өткізіледі (деректер базасын жабу мерзімі – ***2019 жылғы 1 наурыз***);

Ескерту: Барлық емтихан материалдары осы деректер базасына сәйкес әзірленіп жіберілетіндіктен, енгізілетін мәліметтерге мектеп әкімшілігі жауапты болып табылады.

3) 11(12)-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдары ***2019 жылғы 23 мамырға дейін*** білім басқармаларына және республикалық білім беру ұйымдарына «Қазпошта» АҚ арқылы жіберіледі;

003111

4) Жауап парақтарының электронды нұсқасы ***2019 жылғы 10 мамырдан кейін*** білім басқармаларының, республикалық білім беру ұйымдарының және Орталық филиалдарының электронды пошталарына жіберіледі. Жауап парақтары мектептерде қорытынды аттестаттауға қатысатын бітіруші санына сәйкес көбейтіледі;

5) Қорытынды аттестаттау нәтижелерін өңдеуді мектеп жанынан қалыптастырылған Комиссия мүшелері жүргізеді;

6) Емтихан материалдарын тапсыру-қабылдау актісі Орталықтың базалық филиалдары арқылы жіберіледі. Білім басқармасы және республикалық білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрмен рәсімделген акті ***ағымдағы жылғы 27 мамырға дейін*** Орталыққа жіберілуі қажет.

7) Қағиданың 57-тармағына сәйкес арнайы білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптардағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармалары әзірлейді.

Жоғарыда берілген ақпараттарды жергілікті білім беру ұйымдарының назарына жеткізуді сұраймыз.

Директордың міндетін
атқарушы **К. Маликов**

Орынд.: Кеужанова А.
Тел.: 69-52-90